



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

многих стран мира.

Лидеры исламского ультра радикализма сумели выстроить единую систему на основе объединения разрозненных ячеек исламистов по всему миру, поэтому локальные успехи спецслужб, которым удастся ликвидировать отдельные элементы террористической сети, мало влияют на общую жизнеспособность всей системы.

Так, идеологии исламистов возможно противостоять лишь изнутри исламского мира. Любая попытка воспрепятствовать исламу напрямую или публично со стороны не мусульман или западных правительств не только обречена на провал, но может дать противоположный результат и лишь значительно усилить популярность исламизма в исламском мире. Важной мерой противодействия исламскому радикализму является устранение факторов, которые способствуют созданию благоприятной почвы для исламизма, прежде всего, - это решение проблемы Палестины, поддержка традиционных исламских стран, их правительств, оказание помощи бедным исламским странам в развитии их экономики. Необходимы действия, направленные на подрыв и ликвидацию экономической базы исламизма, то есть оказание влияния на Саудовскую Аравию и ее сателлитов с тем, чтобы остановить поток денежных средств, направляемых исламистам. Кроме того, необходимо лишить исламистов возможности распространения своей идеологии как в мусульманских, так и немусульманских государствах. Еще эффективнее исламизм можно сдерживать путем непрямого активного противодействия его целям, ресурсам и идеям, вкупе с политикой поддержки оппозиции ему со стороны традиционного ислама.

Первоочередной политической задачей, стоящей в настоящее время перед спецслужбами всего мира является сокращение социальной базы международного террористического движения исламистов и разрушение их кадровой системы.

Список использованных источников:

1. Комар В. Идеология современного исламизма и Запад. // Россия и мусульманский мир. - 2004. № 3; Крысин М.Ю. Джихад: от Кашмира до Нью-Йорка. - М.: Вече. 2005.
2. Карпачева О.В. Исламская фундаменталистская оппозиция в Египте во второй половине 20-го в.[Электронный ресурс]: Дис.... канд. ист. наук. - М.: РГБ, 2005.
3. Баглиев М. А. Политические аспекты современного исламского экстремизма (на примере Египта): дисс. канд. пол. наук : 23.00 .02 : Москва, 2002.

УДК 608.1 : 28

ИСЛАМ БИОЭТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бек Жансая Асқанбекқызы

paradiseforsoul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Дінтану кафедрасының
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.С. Қабылова

Осы мақалада біз мұсылман әлемінде қазіргі күнге дейін дамыған биоэтика мәселелері және ерекшеліктерін қарастырамыз. Бұл мәселелерді зерттеуде дәрігерлер, заңгерлер, дінбасылары, әлеуметтанушылар және тағы басқалар қатысуда, ең үлкен қызығушылықты дәрігерлер мен мұсылман заңгерлері танытуда. Сондықтан мұнда біз олардың түрлі аргументтерін келтіретін боламыз. Биоэтика мәселелері туралы зерттеулер мұсылман сенімі мен заңына негізделген. Бұл мұсылман биоэтикасының неліктен тікелей Алланың сөзіне (Құранға), құдайы заңға (шариғатқа) және ғасырлар бойына дамып келе жатқан ең маңызды интерпретацияларға сілтеме жасайтындығын түсіндіреді. Қазіргі кезде жаңа мәселелерге, яғни дәстүрлі сенімде нақты жауап берілмеген немесе әлі пәтуалар берілмеген мәселелерге

қатысты мұсылман қауымдастығы үшін ережелер қалыптастыру үшін көп жағдайда пан-мұсылман конгрестері мен конференцияларының (яғни Мұсылман әлемі лигасы, Ислам конференциясы ұйымы және т.б.) жауаптары, сондай-ақ түрлі ұлттық комитеттердің пәтуаларына тәуелді. Олардың құндылығы дегенмен заңды шешім (пәтуа) құндылығына байланысты. Бұл шешімдермен қатар биомедициналық ұйымдар шығарған құжаттар да ескерілуі тиіс, медициналық ережелер мен діни шешімдер арасында қарама-қайшылық жиі орын алады. Араб-мұсылман елдеріндегі денсаулық сақтауды модернизациялау дәрігерлер мен саяси билік тарапынан ілгері жылжыды, әдетте мұндай қадамдар діни биліктің «ресми» мақұлдауымен жүзеге асырылатынын есте сақтау керек.

Соңғы онжылдықта мұсылман заңы ғалымдарының билігі биоэтика мәселелерін шешудің жаңа негіздемелерін тапты. Бұл тұрғыда «шынайы дін» новатор, этикалық бағыттан адастырушы ретінде қабылданған Батыстың алдында өзінің моральдық құндылығы негізінде шешуші рөл атқармақшы. Сонымен бірге, биоэтикада туындап жатқан жаңа мәселелер мұсылман заңын модернизациялауға жетелейді. Биоэтиканың бұл әрекеті Батыс құқықтық мекемелері мен үлгілерінің қылмыстық, азаматтық құқық және т.б. қатысты көрсеткен әсерімен параллельді және замандас. Биоэтика себеп болған модернизациялау талпынысы өткеннің белгілі бір құндылықтары мен ережелерін жаңартуға ғана емес, сондай-ақ басқа да ережелер мен классикалық құндылықтардың заңдылығы мен өзектілігін арттыруға мүмкіндік береді. Құран мен пайғамбар хадистерінде көрсетілмеген немесе олардан заңсыз шығарылған кез келген ереже шарифатта бидғат, яғни «жаңалық енгізу, инновация» деп аталады, алғашында бұл сөз «ересь» сөзімен синонимдес болып есептеліп, классикалық ережелерді модификациялауды немесе жаңа идеяларды жоққа шығару үшін консервативті авторлар тарапынан қолданылды. Алайда бұл түрлі діни ұйымдар қабылдаған, Құран мен сүннетке қарсы келмейтін кез келген жаңа құқықтық элемент немесе жаңа тәжірибе болуы мүмкін, дегенмен мұндай шешімдердің өкімі әрқашан әлсіз және күмәнді болып есептеледі.

Дәстүрде нақты ешбір түсініктеме берілмеген жағдайда бір-біріне қарама-қайшы реакциялар байқалуы мүмкін, бұл мұсылман қауымдастығындағы ішкі «плюрализмі» деген әсер қалдыруы мүмкін. Ақиқатында ислам соңғы құдайы ашылуға (Құранға) негізделген тауқид ретінде қабылданады. Сонымен бірге шарифат – кемел және жан-жақты құдайы Заң, ол адамзат тарихында кез келген уақытта туындауы мүмкін барлық сұрақтарға адекватты жауап бере алады. Нәтижесінде этикаға қатысты кез келген пікір қасиетті дереккөздерге негізделуі тиіс, барлық өзгерістер ислам шеңберінен тыс шықпауы керек, ондай болмаған жағдайда олар қоғам қолданысына енгізілу мүмкіндігінен айырылады. Осыған қатысты бір хадисте қауымдастықтағы пікірлердің алуандығы Алланың нығметтерінің бірі десе, басқа бір хадис мұсылман қауымдастығы ешқашан келісімге қателесіп келмейді дейді. Сенім негіздері мен дін ұстануда өзгертілмейтін ерекшеліктер бар. Мұсылман заңгерлері классикалық жағдайлар: контрацепцияның заңдылығы, нәрестеге жан берілуден алдын түсік жасатуға немесе заманауи мәселелер: ксенотрансплантация және мәйіттен экс-имплантацияға қатысты позицияларын білдірген. Сондықтан «плюрализм» термині бұл жағдайды суреттеуге толық сәйкес келмейді.

Сонымен қатар саяси және идеологиялық «плюрализмді» этикалық релятивизммен байланыстыруға болушы еді, бірақ ол мұсылмандық көзқарас тұрғысынан мүмкін емес. Ислам қасиетті ашылу (Құран) сенімі болғандықтан және құдайы заңның (шарифат) барлық талаптарына сай реттелгендіктен ешқандай этикалық плюрализмді қажет етпейді. Ақиқат пен құндылықтар қасиетті дереккөздерде бар, олар тек қайта қалпына келтірілуі немесе қасиетті жазбалар дұрыс «интерпретациялануы» қажет. Одан өзге, көптеген авторлар шарифат қатаң еместігі, құдайы заңды түрлі жағдайларға ыңғайластырып қолдану туралы түрлі пікірлер пайда болуда, әзірге олар негізгі рухани дереккөздерге қарсы келмейді.

Мұсылман мемлекеттерінде (мысалы, Египетте) биоэтика мәселесін талқылауда дінге негіздеу тенденциясы бар. Нәтижеде көптеген мамандар дінтанушылардың пікіріне сүйенеді немесе жаңа биоэтика мәселесінің шешімін табу мақсатында діни доктриналарды өздері интерпретация жасайды. Бірақ олар тек аналогияларға негізделе алатындықтан (себебі

Құранда заманауи технологиялар туралы көрсетілмеген) бұл процесстердің қорытындылары тек жеке интерпретацияны білдіреді, сондықтан олар бір-бірінен ерекшеленеді [1]. Солтүстік және Батыс әлемде, яғни мәдени және саяси плюрализм контекстінде Ұлттық биоэтика комитеттері (және осындай органдар) өз кезегінде, идеологиялық ережелердің әртүрлілігімен (зайырлы, атеисттік, діни) суреттеледі, олар уақыт өте бір-біріне қарсы келеді, бұл көптеген мәселелерде пікірлер қайшылығын тудыруы мүмкін: адам өмірі қашан басталады, эмбриондармен тәжірибе жүргізу, адам өмірі қашан аяқталады, эвтаназия және т.б.

Белгілі бір мұсылман мемлекеттерінде жұмыс жасайтын Ұлттық биоэтика комитеттері және Ұлттық медицина этикасы комитеттері (және сол сияқты органдар), (кей мемлекеттерде екеуі де бар, ал кейбір елдерде ұлттық деңгейде қызмет ететін комитеттер болады) түрлі сандық баланса сай клиникалық, әлеуметтік және философиялық-діни контекстте кеңінен қолданылатын мамандар мен білім иелерін білдіреді. Ислам – ресми басым дін болған жағдайларда шешімдер әрбір азамат мұсылман екендігін ескере отырып қабылданады, дегенмен жеке бір мәселелерге түрлі акценттер мен ережелер қолданылады. Басқа діни азшылықтың эксперттері кейде оған қатыса алады. Әйткенмен басқа (зайырлы, атеисттік және т.б.) этикалық сілтемелердің арасындағы бір ғана діни элементті көрсететін жерде этикалық плюрализмнің болу мүмкіндігі төмен сияқты.

Еуропада биоэтика мәселелері бойынша дінаралық кездесулер өткізуге мүмкіндіктер көп. «Дінаралық плюрализмге» мысал ретінде католиктік, протестанттық, иудаизмдық, мұсылмандық, буддисттік және атеисттік ғалымдар, этика мамандары мен заңгерлердің қатысуымен Еуропа кеңесі (1990 жылы шығарылған, 1998 жылы жаңартылған) үйлестірілген құжаттар топтамасын айтуға болады. Қатаң діни контекстте мұндай зерттеулер көптеген кедергілерге кез болушы еді, бірнеше мұсылман мемлекеттерінде тек қана кітап иелері (ислам, христандық және иудаизм) болғандықтан емес, сондай-ақ атеисттердің болғандығынан да олардың пікірлері зерттеулерде басқа дін өкілдерінің пікірлерімен қатар қабылданды [2].

Алжирдегі Conseil National de l'Éthique des Sciences de la Santé 1996 жылғы 6 сәуірде 20 қатысушысы бар, оның кем дегенде 15-і дәрігер (әскери дәрігерді қоса алғанда) және Әділет министрлігі, Жоғары мұсылман кеңесі және т.б. өкілдердің қатысуымен мақұлданған №96-122 Декретте (1992 жылы 6 шілдеде Алжир Медициналық кәсіби кодексі №92-276 Декретте қабылданған) осындай ұйымдардың ерекшеліктері бекітілген. Дәрігерлердің бұл басымдығы қатаң сынға ұшырады, этика концепциясын әлі де биология мен медицинаның табиғи кеңеюі ретінде қабылдау деген пікірлер айтылды. Бұл пікір дәрігерлер мен ғалымдардың мораль саласында қаншалықты біліктілігін көрсетеді, сондықтан этиканы техникалық мамандардың дамытуы, оны діни және заңды тұлғалардың шектеуі, пәнаралық кескінді бұзатын еді. Декреттің №10 бабы Комитет міндеттерін анықтамайды, салыстырмалы түрде алсақ басқа Медицина этикасы және биоэтика (мысалы Тунис, Ливанда) комитеттерінің ережелерінде олар бекітілген. Одан басқа Алжир комитеті заңдық және доктриналық аралықты, мұсылман заңгерлерінің жауаптарын ескерусіз толтырғысы келеді [3]. Сайып келгенде декрет Комитет мәлімдемелерінің маңыздылығын бекітпейді.

Тунистің Медицина этикасының ұлттық комитеті (МЭҰК) консультациялық және ақпараттық рөл атқаратын мультипәнді ұйым, оның негізгі мақсаты парламент пен үкіметтен медицина ғылымының дамуына кедергі келтірмейтін заңдар немесе ережелер қабылдауға рұқсат алу. 1994 жылы 19 қыркүйекте қабылданған №94-1939 Декретте (3 бап) бекітілгендей комитет құрамы келесідей: төраға, Конституция кеңесінің мүшесі, Жоғары мұсылман кеңесінің мүшесі, Адам құқықтары мен фундаментальді артықшылықтар бойынша комитет мүшесі, Жоғарғы сот кеңесшісі, Әкімшілік сот өкілі, философия профессоры, бір әлеуметтану және бір құқықтану профессоры, Мемлекеттік хатшылық өкілі, Дәрігерлер, дантисттер, ветеринарлық хирургтар мен фармацевттер орденінің президенті, Медицина және фармацевтика факультеттері декандары, Денсаулық сақтау секторының үш өкілі және әлеуметтік сектордан бір эксперт. Тунис бірнеше университеттік клиникаларда халықаралық нышандарға сәйкес жергілікті «ауруханаларда» этикалық комитет ашуда белсенді болған

мұсылман мемлекеттерінің бірі, ол дәрігер-зерттеушілерді белгілі бір биомедициналық-клиникалық мәселелер немесе зерттеулерге қатысты этикалық комитеттің пікірін сұрауға шақырады. Тунис медицина этикасының ұлттық комитеті осы сияқты комитеттерді барлық ауруханалар мен клиникаларды құруды сұрады [4]. Олардың міндеті медицина қызметкерлерінің орнына шешім қабылдау емес, тек қана консультациялық және ағартушылық қызмет көрсету, әсіресе: а) аурухана қызметкерлеріне медицина тәжірибесіне қатысты этикалық табиғат туралы шешімге қол жеткізу көмектесу; б) зерттеу бағдарламаларының протоколдарында этикалық ережелерді қолдануды бақылау (емделушіні ақпараттандыру, зерттеудің ғылыми мақсатының орындылығы, қолданып отырған шараның пайдасы мен зиянының орынды болуына қатысты); в) этикалық салада медицина қызметкерлерін дайындауда белсенді қатысу. Жергілікті этикалық комитеттердің пікірлерімен байланыстырмайды.

Пакистандағы Ага-хан университеті 1984 жылы биомедициналық этиканы өзінің студенттері үшін пән ретінде енгізді. 2001 жылы Пакистан Медицина және тіс дәрігерлері кеңесі биоэтиканы медициналық оқу жоспарларға енгізуді шешті, дегенмен бүгінгі күні көптеген медицина колледждерінде әлі де бекітілмеген. Тұрақты стационарлық немесе клиникалық этика бойынша комитет екеуінің арасында қалып отыр. Алайда пәнге деген қызығушылық артуда, себебі көптеген қаржыландыру бойынша халықаралық агенттіктер мен ғылыми журналдар мамандары «қолжазбаларды қабылдау үшін олардың және зерттеу протоколдарға этикалық шолу жасауды талап етуде»[5]. Пакистан Медицина және тіс дәрігерлері кеңесі 2001-2002 жылы қабылдаған Этика кодексінің биоэтикаға бағышталған жетінші параграфында оны дәрігерлер бағдарламасына қосуды ұсынады [6]. 2004 жылы қаңтарда Пакистан үкіметі Денсаулық сақтау министрі төрағалық ететін 20-21 мүшесі бар Ұлттық биоэтика комитетін құруды мақұлдады.

Ирандағы болашақ Ұлттық биоэтика комитеті келесі тұрақты мүшелерден тұру керек: Ғылым, зерттеу және технология министрлігі, Денсаулық сақтау және медициналық білім министрлігі, Биологиялық қоршаған ортаны қорғау ұйымы, Ауылшаруашылық министрлігі, Иран сот медицинасы ұйымы, Hozeh Elmieh Qom (Семинария), Білім, мәдениет және зерттеу академиясы орталығы, Иран медицина кеңесі [7]. Басқа тұрақты мүшелер қатарына екі философия және этика маманы, екі заңгер, екі биотехнолог және екі биолог кіреді. Ирандағы иммунология, генетика, фармакология, биохимия, психология және эпидемиология салаларынан бір-бір маманнан комитет мүшелігіне кіреді. Ал қазіргі кезде биоэтика мәселелерін зерттеу бойынша келесі ұйымдар бар: Денсаулық сақтау және медициналық білім министрлігі, Медицина және медициналық этиканы ислам ғылым мен адамгершілік үшін зерттеу офисі, ЮНЕСКО үшін Иран ұлттық комиссиясы, Этика бойынша жергілікті комитеттер 85 ғылыми-зерттеу орталықтарында жұмыс атқаруда.

Ливан дәрігерлер орденінің биоэтика бойынша комитет жарғысы медициналық тәжірибеге бойынша моральдық мәселелерге қатысты қарапайым пікірмен қамтамасыз етудегі комитет рөлін анықтайды [8]. Құжат мемлекеттегі «мәдени және діни» тарихи алуандылықты әрдайым нақты қарастырады (4 бап). Комитеттің басым бөлігі дәрігерлерден тұру керек (7 бап).

Египетте Білім министрлігі 1996 жылғы 25 қарашадағы Жарлықпен құрамына ғылыми қауымдастық мүшелері, академиялық әлемнің қызметкерлері мен азаматтық қоғам өкілдері кіретін Биоэтика бойынша ұлттық комитетті құрды. Өзінің бірінші сессиясында (1997 жылы 9 қаңтарда) профессор Ж. Бадран төраға болып сайланды. Ұлттық этика күндері жыл сайын өткізіледі.

Қазіргі күнге дейін мұсылман әдебиетінде биоэтика мәселелерін (принциптері мен жеке мәселелерін) сыни пікірлеу, әсіресе олардың қарама-қайшылығын, сонымен бірге диахроникалық және синхроникалық деңгейлерде дамуын көрсетуге талпыныс аз болды. Пікірлердің әртүрлілігіне қарамастан мұсылман авторлар осы алуандылыққа аса мән бермеуге бейім болды. Басқаша айтқанда, диверсификация этикалық «релятивизммен» синонимдес болуы мүмкін дегеннен қорқып, әсіресе мұсылман еместерге бағытталғанда

мұсылман биоэтикасы айтарлықтай «монолитті» болып көрінуі тиіс дегенне қарай ауытқыды. Одан өзге, діндар адам «шынайы діннен» өз сұрақтарына нақты жауаптар алғысы келеді, батыста болған көптеген философиялық ойлар немесе сенімсіз бағыттарды емес. Батыстағы қазіргі заманда туындап жатқан хаотикалық жағдайлардың болуы, бірақ оны этикалық тұрғыдан бағыттай алмайтын кезде Биоэтиканың бұл типі кешірімділікке, яғни Құранға негізделген ақиқат принциптері мен сүннетті жаңғыртуға кездейсоқ жағдай емес.

Апологетикалық (ымыраластыратын) әдіс қазіргі күнге дейін биоэтиканы әлеуметтік, экономикалық, азаматтық және саяси деңгейде талқылауға кедергі болды, олар мұсылман мемлекеттерінде әділдік принципі мен денсаулық сақтау ресурстарын әділ түрде бөлу үшін, емделушіні қорғауға зиян келтірсе де бар. Саяси еркіндіктің тапшылығы ресми билікті сынға алмайтын биоэтиканың пайда болуына әкеліп соғуда. «Биоэтика» терминінің араб тіліндегі немесе басқа мұсылман мемлекеттерінің тіліндегі эквиваленті болмағандықтан әлі де ағылшын немесе француз тіліндегі версиялар (bioethics, bioéthique) немесе «медицина этикасы» (арабша *ахлақ тиббийа*) және т.б. қолданылады [9].

Мұсылман биоэтикасына қосқан ғылыми үлестің басым көпшілігі жеке мәселелерді («арнайы биоэтика» деп аталады) қамтиды: контрацепция, аборт, ағза алмастыру және т.б., басқа жағынан қарағанда «фундаментальді биоэтикаға» қатысты әдістер, яғни биоэтиканың эпистемиологиясы туралы ойлар назардан тыс қалған сияқты. Тиісінше, мұсылман биоэтикасының «статусы» мен әдістемесінің маңыздылығы туралы аздаған зерттеулер бар, сондықтан оны басқа пәндермен салыстырғанда жеке, тәуелсіз пән деп суреттей алмаймыз. Бұл дерек маңызды, өйткені осы құбылыс шешім қабылдаудың клиникалық фазасына қатысты пікірді тәуелсіз дамытудың орнына, мәселелердің шешімдері мен ережелерін анықтауға бағытталған. Нәтижелердің бірі ретінде мұсылман әлемінде биоэтиканың спекулятивтілікке (яғни философиялық) бейімділігі төмендегенін атап өтуге болады [10].

Қазақстанда биоэтика мәселелерін зерттеу дамып келе жатыр. Орта Азияның тәуелсіз республикаларының халықаралық ынтымақтастығының артуына байланысты және жаһандану жағдайында ғылымның, медицина мен биологиядағы жаңа технологиялардың дамуына жаңа мүмкіндіктер ашылды. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында биоэтика бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу және дамыту, биоэтиканы оқыту мүмкіндіктері туралы, медициналық көмек көрсетуде және жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулерде биоэтика принциптерін қолдану жөнінде түсініп, бұл туралы ақпаратты тарату жұмысы арта түсуде.

Алғаш рет 2011 жылғы 7 – 8 қазанда Астанада Орта Азияның тәуелсіз республикаларының халықаралық ынтымақтастығы және дамуы аясында Биоэтика бойынша бірінші Орта-Азиялық Симпозиум өтті. Симпозиум кезінде биоэтика бойынша Орта Азия қауымдастығының ресми тұсаукесері өтті, бұл қауымдастық ЮНЕСКО істері бойынша ҚР Ұлттық комиссиясының және ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Орта Азиялық Кластерлік офисінің қолдауымен, Орта Азия елдерінің жетекші ғалымдарының бастамасымен құрылған болатын. Симпозиум 2005 жылғы 19 қазанда ЮНЕСКО-ның Бас Конференциясында аймақтағы барлық елдер бекіткен «ЮНЕСКО-ның Биоэтика және Адам Құқығы жөніндегі Жалпы Декларациясын» жүзеге асыруға жағдай туғызды. Симпозиум барысында осы аймақтағы елдердің қазіргі кездегі биоэтика мәселелері кең талқыланды, симпозиумға денсаулық сақтау, өмір туралы ғылым, философия және құқық салалары бойынша жетекші ғалымдар мен мамандардың, әртүрлі діни конфессиялар, бұқаралық ақпарат құралдары, сонымен қатар қоғамдық ұйымдар қатысты. Биоэтика бойынша II-ші Орта-Азиялық Симпозиум 2013 жылдың 3 желтоқсанында өтті [11].

Қорытындылай келе, қазіргі заманға сай медицина, биология, генетика және бұларға сай биомедициналық технологиялар тұқымқуалаушылықты жобалау және жүргізу, ағзаның өмірі мен өлімі, адам ағзасының терілік, клеткалық және субклеткалық деңгейіндегі функциялық құбылыстарын бақылау сияқты мәселелерді өте тығыз түрде талқылайды. Сондықтан, жеке тұлға ретіндегі пациенттің құқығы мен бостандығы жайлы мәселелер өте ауқымды және қаралушының құқықтарын (тыңдау құқығы, мәлімет алу және т.б. құқықтары)

орындау биоэтиканы қоғамдық институт жасаған этикалық комитеттерге жүктелген.

Қолданылған әдебиет

1. Hamamsy L. Le Language de la bioéthique et les cultures // Journal International de Bioéthique. 2000. №11 (3–4–5). p.159–164.
2. The Human Rights, Ethical and Moral Dimensions of Health Care-120 Practical Case Studies. Strasbourg. Council of Europe Publishing. 1998.
3. Ossoukine A. Un Conseil d'Éthique ou de Déontologie // Revue Algérienne des Sciences Juridiques, Économiques et Politiques. 1997. №XXXV. p.263–255, 259.
4. République Tunisienne. Décret no. 94–1939 du 19 septembre 1994. 27.09.1994. №76. p.1590.
5. Comité National d'Éthique Médicale, République Tunisienne. №2. Avril 1997. Tunis. p.18–23.
6. Moazam F., Jafarey A.M. Pakistan and Biomedical Ethics: Report from a Muslim Country // Cambridge Quarterly for Healthcare Ethics. 2005. №14. p.249–255.
7. Zali M.R., Shahraz S. Bioethics in Iran: Legislation as the main Problem, Archives of Iranian Medicine. 2002. №5 (3), p.136–140. Current Situation of Bioethics in Genetic Research in Iran, in the Experiences and Challenges of Science and Ethics: Proceedings of an American-Iranian Workshop. 2003. The National Academy of Sciences. p.77–85.
8. Comité de Bioéthique de l'Ordre des Médecins du Liban. Journal International de Bioéthique. 1998. №9(1–2). p.139–140.
9. De Caro A. La terminologia della bioetica islamica: calchi, neologismi e nuove accezioni // Il Traduttore Nuovo. 2001. №1. p.93–99.
10. Aksoy S., Elmali A. The Core Concepts of the Four Principles of Bioethics as found in Islamic Tradition, Medicine and Law. 2002. №21(2). p.211–224.
11. http://www.amu.kz/kz/index.php?ELEMENT_ID=6320

УДК 215:111.1

ДІНИ ТАНЫМНЫҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Ибадуллаева Асель Абдуалиевна

assel_aska111@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, дінтану мамандығының
3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Д.Кенжетай

Ежелден адамзат тіршілік құпияларын меңгеруге, өзіне тылсым көрінетін табиғат күштерін тануға жан-жақты ұмтылған. Адам әлемді тани отырып, осы дүниеде болып жатқан көптеген құбылыстарға анықтама беріп, ақыл арқылы білім деп аталатын сарқылмас қайнар көзді қалыптастырды. Міне осы жинақталған білім негізінде таным үш үлкен топқа бөлінді: мифологиялық, діни және философиялық. Ақиқат мәселесі гносеологияның ортақ проблемасы. Ақиқат дегеніміз білімнің шындықпен жанасуы, оған сай болуы, объект туралы дұрыс білім. Кез-келген ғылымның мақсаты – ақиқатқа жету. Ақиқатқа жетудің негізгі көзі ретінде дін құбылысы пайда болды. [1]

Дін – қоғамда ерекше рөл атқаратын рухани-әлеуметтік институт. Батыс мәдениетінде «дін» ұғым түсінігінің мәні екі мағынада түсіндіріледі. Оның бірінші мағынасы латын тіліндегі «*religare*» ұғымының түсінігі. Бұл ұғым түсінікпен жер мен көк /аспан/ арасында рухани байланыс бар екендігі түсіндіріледі. Ал екінші, осы латын тіліндегі «*religio*» ұғым – түсінігі – қасиетті, табыну заты, құдайға құлшылық ету мағынасында танылады. Екінші ұғым – түсінік біріншісіне қарағанда діннің мәнін нақтылы бейнелейді.

Батысқа қарағанда исламдық өркениетте «дін» терминінің мәні басқашалау